

Бішкекте «Жалған ақпараттың Орталық Азиядағы қоғамға ықпалы» атты дөңгелек үстел өтті

1 тамыз 2023, Бішкек

Қазақстанның Жастар ақпараттық қызметі 1 тамызда Бішкекте жалған ақпарат пен үгіт-насихаттың Орталық Азия елдерінің тұрғындарына тигізетін ықпалы тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Қазақстаннан, Қырғызстаннан, Тәжікстан мен Өзбекстаннан келген сарапшылар жалған ақпарат пен үгіт-насихатты қабылдау тұрғысындағы өздерінің соңғы зерттеулерімен, сондай-ақ аймақтағы уытты ақпараттық ықпалдың алдын алудағы өз тәжірибелерімен бөлісті.

Нидерландыдағы Гронинген университетінің Медиа және журналистиканы зерттеу орталығынан келген қауымдастырылған профессор Рашид Габдулхаков, ресейлік үгіт-насихаттың Қырғызстанда қалай жұмыс істейтінін айтып берді.

Оның пікірі бойынша, ресейлік үгіт-насихат орыс тілі, «КСРО-дағы жарқын өткен шаққа» деген сағыныш, рәсімдер мен мерекелер, сондай-ақ мәдени код секілді ықпал ету құралдары спектрінің ауқымдылығымен қауіпті. Габдулхаков еңбек көші-қоны салдарынан ОА тұрғындары тек өз Отанында ғана емес, Ресейде де осы бір үгіт-насихатқа ұшырағыш болып келетінін атап өтті.

Бұл ретте, Кремльдік дискурстар әртүрлі салаларға: теледидарға, газеттерге, кітаптарға, веб-сайттар мен әлеуметтік желілерге енуде, ал Орталық Азия елдерінің көшбасшылары Ресейден репрессиялық тәжірибелерді көшіруде.

Абдулхаков: «Қырғызстандағы ресейлік жаңалықтар нарративі абдырап қалған Украина, қас дұшпан болған Батыс, киелі Ресей және оған тәуелді болған Қырғызстан туралы түсінік қалыптастырады. Қырғызстанда Ресейлік БАҚ жоғары сапалы, үйреншікті, сенімге лайықты болып саналады және «сапасыз» жергілікті БАҚ пен «азғын» батыс БАҚ арасындағы тұрақты алтын орта болып табылады», — деп Қырғызстандағы ресейлік үгіт-насихатты қабылдау мен нарративтер туралы жаңа зерттеу нәтижелерін тізімдеп шықты.

Сарапшының пікірінше, Ресей бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің тұрғындары кешкен жақсы күндерге деген сағынышты арттыру үшін өзінің үгіт-насихатында «өткенді үміт етеді». Оның ықпалынан құтылу үшін ол «болашақтан үміттенуге» кеңес берді.

ҚЖАҚ зерттеу жобаларының жетекшісі, әлеуметтану бойынша философия докторы (PhD) Айгуль Беймишева дөңгелек үстелде Қазақстандағы жалған ақпаратқа аса бейім аймақтар мен әлеуметтік топтар туралы баяндама жасады.

Қазақстанда 2022 жылдың жазында жүргізілген зерттеу жұмысының мәліметтері бойынша, сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі - 73%-ы ақпаратқа бағдарланғанына сенімді, бірақ бұл ретте оны қайта тексермейді. Ал зерттеуге қатысушылардың 80%-ы фейктерге тап келмейтініне және фактчекинг жасаймайтындығына сендіреді.

Бұл ретте, Ресеймен шекаралас жатқан аймақтардың тұрғындары, БАҚ жалған ақпарат тарата алатындығына және тарататындығына көбірек сенімді және оны анықтау

дағдыларының аз екенін мойындайды: Шығыс аймақта — 73%, Астанада — 74% және Солтүстік аймақта - 78%.

Беймишева әлеуметтік желілерге құмарлығы басым жастардың сол көздерден алынған ақпаратты сирек жағдайда тексеретінін айтты. Бірақ олар ресейлік БАҚ-ты ересектерге қарағанда сирек оқиды: ересектерге тиесілі 18%-бен салыстырғанда 9-10%.

Зерттеу жұмысы жоғары білімді азаматтардың орта білімі бар адамдарға қарағанда «үгіт-насихат» ұғымы жайында көбірек хабардар екенін көрсетті: 84% қарсы 62%.

«Орта білімі бар адамдар (50%) ақпараттың молшылығынан қиындық көрмейтінін және қажетті материалды табу оңайға соғатынын мәлімдейді, ал жоғары білімі бар адамдардың 39%-ы ақпараттың шамадан тыс көптігін жоққа шығармайды, сонымен қатар олар да оңай бағдарланатындарын атап өтеді», - деп келтірді Беймишева зерттеу нәтижелерін.

Зерттеушілер білім деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, адамдардың алған ақпаратты соғұрлым жиі тексеретінін (65%), ал орта білімі бар адамдар мұны сирек жағдайда (27%) жасайтынын анықтады. Бұл ретте орта білімі бар азаматтардың 63%-ы медиадан алған ақпаратты еш уақытта тексермеген.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Шаходат Саибназарова дөңгелек үстел барысына Тәжікстандағы Factcheck.tj. басылымы жұмысының негізгі кезеңдері жайында айтып берді.

Интерньюстің ОА елдеріндегі медианы тұтыну туралы зерттеу жұмысының мәліметтеріне сәйкес, сауалнамаға қатысқандардың 88%-ы мемлекеттік теледидарды негізгі ақпарат көзі деп санайды, бұл ретте респонденттердің 47%-ы оларға толық сенеді, 34%-ы белгілі бір дәрежеде сенеді және тек 3%-ы мемлекеттік БАҚ-қа толықтай сенбейді.

Бұл ретте, Саибназарованың мәліметтеріне қарағанда, адамдардың 12%-дан аспайтын бөлігі тек тек орыс тіліндегі контентті тұтынады, ал медиада ұлттық тілдің рөлі артып келеді. Сондықтан Factcheck.tj басылымы мақалаларының негізгі тілі тәжік тілі болып табылады.

Медиа сарапшысы сондай-ақ мұғалімдерге арналған медиа сауаттылық нұсқаулығының және студенттерге арналған цифрлық құқықтық реттеу нұсқаулығының жарияланымдарымен бөлісті.

«Жаңа медианы оқыту орталығы» ҰЕҰ директоры және филология ғылымдарының докторы Беруний Алимов «Өзбекстан: Үкіметтік емес ұйымдардың жалған ақпаратпен күрестегі рөлі» атты баяндамасын жасады.

Ол 2022 жылы БҰҰДБ-мен бірлесе отырып, Олий Мәжіліс депутаттарын әлеуметтік желілерді пайдалануға және фактчекингке үйрету тәжірибесі туралы айтып берді. Алимовтың сөзіне қарағанда, депутаттар «өз сайлаушыларымен сөйлесіп отыратын әлеуметтік желілерде жалған жаңалықтар жиі кездесетін болғандығын, бұл өз кезегінде олардың жұмысын қиындата түсетіндігін» айтып, шағымданған.

Сондай-ақ медиа сарапшы Ташкенттегі ЮНЕСКО өкілдігінің қолдау танытуымен әзірленген, Өзбекстандағы журналистерге арналған медиа сауаттылық жөніндегі алғашқы онлайн курстарын көрсетті. Бұхара, Ферғана және Үргенші қалаларында діни көшбасшыларға да медиа сауаттылықты үйретілді.

«Сонымен қатар, Өзбекстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жанындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникация агенттігімен бірлесе отырып, министрліктер мен ведомстволардың баспасөз-қызметтеріне арналған тренингтер сериясы өткізілді, онда медиа сауаттылық мәселелеріне ерекше назар аударылды», - деді Алимов.

Медиа сарапшысы баяндамалар тобын Өзбекстанда қазір өтіп жатқан, 2023 жылдың қыркүйегінде аяқталатын #bemediasmart алғашқы жалпыұлттық инфокампаниясы туралы жаңалықтармен аяқтады.

Баяндамалардан кейін сарапшылар, зерттеушілер, белсенділер мен журналистер қоғамды жалған ақпарат пен үгіт-насихаттан қорғау және оларды ОА елдерінің ұлттық ақпараттық стратегияларына енгізу әдістерін талқылады.